

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті
Философия және саясаттану факультеті
Философия кафедрасы



БЕКІТЕМІН
Факультет деканы
Б.Б. Мейрбаев

2024 ж. « ____ » _____

ПӘННІҢ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕНІ

FPra5207 «Прагматизм»


«7M02202 – Философия

Курсы – 1

Семестрі – 1

Кредиттер саны – 3

Алматы 2024 ж.

Бакалавр мамандығы бойынша «Прагматизм» пәнінің типтік оқу бағдарламасы және оқу жұмыс жоспарының негізінде құрастырылды.  филос.ғ.д. Аташ Берік Мұратұлы
Пәннің оқу-әдістемелік кешенін құрастырған

Философия кафедрасының мәжілісінде қарастырылған және ұсынылған
2024 жылғы «29» Тамыз, №1 хаттама

Кафедра меңгерушісі  (коды) Ә.А. Құранбек

Алғы сөз

Курс мазмұны: Прагматизмді философияның негізгі бағыттарының бірі ретінде зерттей отырып, философияның тарихи дамуы аясында прагматистік ұстанымдардың негізгі бағдарларын білудің ғылыми және философиялық әдістерін жіктеп, дүниетанымды философиялық ойлаудың ерекшелігін түсіну негізінде қалыптасқан табиғи және әлеуметтік әлемді философиялық зерттеудің нәтижесі ретінде негіздеп, прагматистік ұстанымдардың мазмұны мен ерекшеліктерін Дж. Дьюй, У. Джемс, Р.Рорти т.б. көзқарастары негізінде түсіндіріп, бұл идеяларды негіздеу және қабылдау үшін қазіргі прагматизмнің өзекті мәселелеріне, әлеуметтік-мәдени және жеке жағдайларға қатысты өздерінің ұстанымдарын дәлелдеу.

Курстың мақсаты: Прагматизмнің ғылыми дүниетанымының мазмұны мен ерекшеліктерін түсіндіру мен прагматизмнің негіздеу және қабылдау үшін қазіргі жаһандық әлемнің өзекті мәселелеріне, әлеуметтік-мәдени және жеке жағдайларға қатысты өздерінің прагматистік ұстанымдарын дәлелдеп, зерттеу нәтижелерін ұсыну және талқылау үшін кәсіби саладағы мәселелердің философиялық және аксиологиялық мазмұнын өз бетінше талдау және бағалаудың өлшемдерін ұсыну.

Курстың міндеттері:

- прагматизмнің негізгі категорияларына анықтама беру және оларды талдай білуге үйретіп, қоғамдық өмірдегі негізгі қолданылу аясын кеңірек ұғындыру;

- прагматистік философияның тарихи дамуындағы маңызды кезеңдерді сипаттау және іргелі прагматистік философиялық теориялардың негізгі ережелерін атап көрсету;

- прагматистік философияның негізгі мәселелерін сипаттау және оны танып-білудің негізгі ғылыми және философиялық әдістерін пратикалық тұрғыдан анықтау;

- арнайы әдебиеттерден алынған түсініктемелерге негізделген философиялық мәтіндердің мазмұнын ашып көрсету;

- идеалдарды, құндылықтарды, нормаларды түсінуге арналған философиялық және дүниетанымдық көзқарастардың нұсқаларын сыни тұрғыдан бағалау.

Оқытудың нәтижелері:

- философиялық емес формалардың философиялық мазмұнын прагматистік тұрғыдан ашып,

- табиғат пен қоғам туралы философиялық тұжырымдамаларды сыни тұрғыдан талдау және бағалап,

- мифологиялық, діни және ғылыми дүниетанымның қағидаларын прагматистік тұрғыдан салыстырып,

- философиялық талдау әдістемесін практикада *пайдалана алуы тиіс*.